

УДК 619:616.995.132.2

**А. А. Каймушева**, магистрант

**Н. Т. Абекешев**, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР

## **ҚОЙ ЖҮНІНІҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ АСҚАЗАН-ІШЕК ЖОЛДАРЫ СТРОНГИЛЯТОЗДАРЫНЫҢ ӘСЕРІ**

### **Аннотация**

Мақалада «Жәңгір атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ақжайық етті-жүнді шаруашылығындағы» асқазан-ішек жолдарының стронгилятоздарының қой жүні өнімділігіне әсерін көрсету.

**Түйін сөздер:** *гельминтоз, стронгилятоз, қой, жүн өнімділігі, қырқу.*

Қой шаруашылығы мал шаруашылығының саласы ретінде халық шаруашылығында маңызды орын алады. Қойлардан жүн, ет және жүнді-терілік шикізат алынады.

Мал өнімділігінің жоғары сапалы болуы көбінесе, жануарды күтіп-бағуға, соның ішінде әр түрлі этиологиядағы аурулардың алдын алу мен дер кезінде емдеу шараларына байланысты.

Қой шаруашылығы ауруларының негізгі бөлігін гельминтоздар, соның ішінде қазіргі уақытта, ең көп тарағаны—асқорыту жүйесінің стронгилятоздары.

Стронгилятоздар қарындарда, ішектерде тоғышарлық ететіндіктен, қойдың организміне трофикалық, токсикалық, механикалық, инокулярлық әсер ететіні белгілі. Соның салдарынан қойдың ет өнімділігі мен жүн өнімділігі төмендейді [1].

Стронгилятоздар қазірдің өзінде ауыл шаруашылығы экономикасына орасан зиянын келтіреді. Олар мал өлімінен, мал өнімінің сан-сапасының төмендеуінен, құрта жайлаған мүшелердің жарамсыздығынан, үшқұрт ауруларына қарсы жүргізілетін ем-дау шараларының қиындығы мен қымбаттығынан құралады [2].

Каспийский өңірінің қойлары мен қозыларының эзофагостом, нематодир және буностомдармен экстенсивная инвазиялануы (ИЭ) сәйкесінше 33,9, 56,7 және 55,9 экз., инвазия интенсивтілігі кезінде (ИИ) 85,7, 4570 және 187 экз. Алғашқы жыныстық жетілген эзофагостом және буностомдарды жарып тексеру кезінде маусымның аяғы мен шілденің басында тапқан. Эзофагостомоз кезінде ИЭ 14 %, буностомоз кезінде 27 %. Күз мезгілінде эзофагостом мен буностом инвазиясының экстенсивтілігі мен интенсивтілігі ақырындап көтерілді. Эзофагостомның ИЭ 35–44 %, ал буностомдардың ИЭ 30–71 %-ға жетті. Қыс мезгілінде эзофагостомның ИЭ 44,5 %, буностомдардың ИЭ 60,7 %, көктемде 11,4 % және 17,3 % [3].

Бүгінгі күні нарықта етке деген сұраныс қызып тұрған уақытта қой өсірудің экономикалық тиімділігі басқа мал шаруашылығына қарағанда әлдеқайда жоғары. Қой малының артықшылығын толық игеру үшін заман талабына қарай нарықтағы сұранысты қанағаттандыра алатын сапалы жүн және ет беретін өнімділігі жоғары қой тұқымын өсіру тиімді [4].

Қазақтың етті-жүнді биязылау жүнді қой тұқымы республикамыздың оңтүстігі мен оңтүстік шығысында шөл және шөлейт аймақтарында таралды. Қазақтың биязылау кроссбредті жүнді қой тұқымын өсіру Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарына тән болса, Ақжайықтың етті-жүнді қойы Батыс Қазақстан облысының далалық аймақтарында өсірілді.

Жүн өнімі—қой, ешкі, түйе және басқа жануарлардың бір жыл ішінде қырқылған жүннің мөлшерінде және оның сапасына қарай бағаланады. Жүн негізінде өнеркәсіптік шикізат ретінде өндіріледі. Қойдың тұқымына байланысты, жүннің түсімі, талшықтар биязылығы, ұзындығы әртүрлі болады [5].

Қойдан алынатын өнімінің бірі — жүн. Ол өзінің технологиялық және биологиялық жағынан киім және басқа бұйымдар өндіруге еш теңдесі жоқ табиғи шикізатқа жатады. Жүннің сапасы оны уақытында және дұрыс қырқып алынуына байланысты болады. Қылшықты жүнді қойларды жылына екі рет (көктемде, күзде) қырқады, ал биязы және биязылау жүнді қойларды жылына бір рет көктемде қырқады. Ерте қыста немесе көктемде туған қозыларды жазда немесе күзде қырқуға болады.

Қырку мерзімі ауа-райына, жүннің өсуіне, тұқымға, қыстың ұзақтығына байланысты. Көктемдегі қыркымды күн жылыда, жауын-шашынсыз күндері жылы қорада ұстап бағады. Қырку мерзімін кешіктірмеу керек, себебі мал өз салмағын ыстық күндері жоғалтады, ал қылшықты құйрықты қой түлей бастайды да, жарты жүні түсіп қалады.

Биязы және биязылау жүнді тұқымды ересек қойдан орташа жүн қыркымы 2-4 килограмм шегінде ауытқиды, қылшық және ұяң жүнділері тұқымға, жасқа және қойдың жүн жамылғысына байланысты 0,5-2,0 килограмм шегінде ауытқиды [6].

#### **Материалдар мен әдістер**

Ғылыми зерттеулер 2014 жылдың мамыр айының аяғы мен маусым айының басында Батыс Қазақстан облысының «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ақжайық етті-жүнді асыл тұқымды қойларын өсіру» шаруашылығындағы әртүрлі жастағы қойларға жүргізілді. Тәжірибеге іріктеу барысында 4-6 жас аралығындағы саулық қойлардың 90 басы зерттелді. Нәжіс сынамаларын зерттеу Фюллеборн әдісімен жүргізілді [2].

Ғылыми зерттеу барысында жүн өнімділігін анықтау үшін 30 бас алынды. Іріктелген қойлардың ішінен 15 бас бақылау тобына және 15 бас тәжірибе тобына бөлінді. Тәжірибе тобындағы 15 бас стронгилятоздарға шалдыққан қойлар.

#### **Зерттеу нәтижелері**

Мал шаруашылығы өнімдерінің мөлшері мен сапасы нақты мал түрінің асыл тұқымдылығына және оларды күтіп-бағу технологияларына тікелей байланысты. Біздің ғылыми зерттеуіміз етті-жүнді биязылау қой тұқымының жоғарыда айтқандай, жүн өнімділігін зерттеуге бағытталды. Қойлардың стронгилятоздармен залалдану деңгейі 1-ші кестеде көрсетілген.

1 кесте – Қойлардың стронгилятоздармен залалдану деңгейі

| Топтар                                                                 | Зерттеу әдісі | Мал саны   |                                 |                      | 4-6 жас аралығындағы саулық қойлар |       |
|------------------------------------------------------------------------|---------------|------------|---------------------------------|----------------------|------------------------------------|-------|
|                                                                        |               | Жалпы саны | Стронгилятоздармен залалданғаны | Тәжірибиеге алынғаны | ИИ, жұмыртқа                       | ИЭ, % |
| Бақылау тобы                                                           | Фюллеборн     | 15         | 0                               | 15                   | 0                                  | 0     |
| Тәжірибе тобы                                                          | Фюллеборн     | 15         | 15                              | 15                   | 1-12                               | 100   |
| <i>Ескертпе: ИИ-инвазия интенсивтілігі, ИЭ-инвазия экстенсивтілігі</i> |               |            |                                 |                      |                                    |       |

Бақылау тобындағы 4-6 жас аралығындағы саулық қойлардың ИИ–0, ИЭ–0, ал тәжірибе тобындағы 4-6 жас аралығындағы саулық қойлардың ИИ–1-12, ИЭ–100%-ды көрсетті.

Зерттеу нәтижесі нақтылы болуын көздеп, бақылау және тәжірибе тобындағы қойлардың жүн өнімділігінің көрсеткіштерін келтірдік (2 кесте).

2 кесте – Қойлардың жүн өнімділігінің көрсеткіштері

| Көрсеткіштер                             | Топтар        |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      | Жалпы жүн<br>көлемі, кг |
|------------------------------------------|---------------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|-------------------------|
|                                          | Бақылау тобы  |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |                         |
|                                          | 1             | 2    | 3    | 4    | 5    | 6    | 7    | 8    | 9    | 10   | 11   | 12   | 13   | 14   | 15   |                         |
| Зерттеуге<br>алынған қойлар<br>саны      | 4             | 4    | 4    | 4    | 4    | 5    | 5    | 5    | 5    | 5    | 6    | 6    | 6    | 6    | 6    | 43,5                    |
| 4-6 жас<br>аралығындағы<br>саулық қойлар | 25,0          | 24,6 | 25,2 | 25,5 | 26,0 | 27,1 | 27,5 | 28,0 | 28,6 | 29,5 | 30,5 | 30,1 | 32,0 | 31,9 | 33,1 |                         |
| 1 қойдың<br>салмағы, кг                  | 2,6           | 2,3  | 2,4  | 2,5  | 2,5  | 2,6  | 2,8  | 2,9  | 2,8  | 3,0  | 3,1  | 3,2  | 3,6  | 3,5  | 3,7  |                         |
| 1 қойдан<br>қырқылған жүн<br>салмағы, кг |               |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |                         |
|                                          | Тәжірибе тобы |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |      |                         |
| Зерттеуге<br>алынған қойлар<br>саны      | 1             | 2    | 3    | 4    | 5    | 6    | 7    | 8    | 9    | 10   | 11   | 12   | 13   | 14   | 15   | 35,7                    |
| 4-6 жас<br>аралығындағы<br>саулық қойлар | 4             | 4    | 4    | 4    | 4    | 5    | 5    | 5    | 5    | 5    | 6    | 6    | 6    | 6    | 6    |                         |
| 1 қойдың<br>салмағы, кг                  | 22,3          | 23,0 | 22,7 | 22,5 | 23,2 | 23,5 | 23,8 | 24,0 | 24,1 | 24,5 | 25,1 | 25,4 | 25,6 | 25,5 | 25,9 |                         |
| 1 қойдан<br>қырқылған жүн<br>салмағы, кг | 2,2           | 2,3  | 2,2  | 2,3  | 2,3  | 2,3  | 2,3  | 2,3  | 2,4  | 2,4  | 2,4  | 2,5  | 2,6  | 2,5  | 2,8  |                         |

$$V_{\text{жүн}} = K_{\text{қыркылған қой}} * N,$$

мұндағы,

$V_{\text{жүн}}$  – есепті айда алынған жүннің жалпы көлемі;

$K_{\text{қыркылған қой}}$  – есепті айда қыркылған қойдың саны;

$N$  – есепті айда бір қойдан орташа жүн қырқымы [6].

$$V_{\text{жүн (бақылау тобы)}} = 15 * 2,9 = 43,5;$$


$$V_{\text{жүн (тәжірибе тобы)}} = 15 * 2,38 = 35,7.$$

Бақылау тобындағы 15 қойдың ішінде 4 жастағы саулық қойлар салмағы 24,6-26,0 кг, жүн салмағы бойынша 2,3-2,6 кг, 5 жастағы саулық қойлар салмағы 27,1-29,5 кг, жүн салмағы бойынша 2,6-3,0 кг, 6 жастағы саулық қойлар салмағы 30,5-33,1 кг, жүн салмағы бойынша 3,1-3,7 кг аралығындағы көрсеткіштерді көрсетті.

Тәжірибе тобындағы 15 қойдың ішінде 4 жастағы саулық қойлар салмағы 22,3-23,2 кг, жүн салмағы бойынша 2,2-2,3 кг, 5 жастағы саулық қойлар салмағы 23,2-24,1 кг, жүн салмағы бойынша 2,3-2,4 кг, 6 жастағы саулық қойлар салмағы 25,1-25,9 кг, жүн салмағы бойынша 2,4-2,8 кг аралығындағы көрсеткіштерді көрсетті.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді салыстырсақ, стронгилятоздарға шалдыққан қойлар мен шартты сау топтағы қойлардан алынған жүн салмағы, сәйкесінше 35,7-43,5 кг.

Нарықта 1 кг жүн 200 теңгені құрайды. Стронгилятоздарға шалдыққан қойлардан алынған жүн салмағы шартты сау топтардағы қойлардан алынған жүн салмағы 7,8 кг-ға кем (1-диграмма).



1 сурет – Қойлардан алынған жалпы жүн салмағының көрсеткіштері

Сондықтан аталған шаруашылықта қойлардан 7,8 кг-ға кем жүн алатын болса, 1560 тг мөлшерінде экономикалық шығын келеді.

### **Қорытынды**

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ақжайық етті-жүнді асыл тұқымды қойларын өсіру шаруашылығында» өсірілетін қойлардың жүн өнімділігін есептегенде, бақылау тобындағы қойлардың көрсеткіштері тұқым стандарты талаптарына сәйкес келеді, ал тәжірибе тобындағы қойлардың жүн өнімділік көрсеткіштері 7,8 кг төмен. Шаруашылыққа 17,9% шығын келеді.

Болашақта ақжайық етті-жүнді асыл тұқымды қойларының өнімінің сапасын жақсартуда, соның ішінде жүн өнімін көтеру мақсатында ішқұрт ауруларынан арылу үшін дер кезінде дегельминтизация шараларын жүргізіп, сапалы өнім алу қажет деп есептейміз.

**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Ысқақов М.М. Қойлардың стронгиятоздарының эпизоотологиясы, емдеу әдістері//Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2011. – №3 (55)
- 2 Сабаншиев М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 430 б.
- 3 Магомедов О.А. Эпизоотология эзофагостомоза, буностомоза и нематодироза овец и меры борьбы с ними в Прикаспийском регионе: автореф. дис...03.00.19 /О.А. Магомедов. – Москва, 2007. – С.13–15
- 4 Қасенов Т.Қ., Хамзина С.Ж., Жұмаділов Н.Қ. Қазақтың биязы жүнді қойларын меринофлейшшаф қошқарларымен будандастырудан алынған жартылай қан үлесті саулықтар қасиеттерінің салыстырмалы сипаттамасы // Жаршы. – 2008. – № 7. – 49-50 б.
- 5 Баяхов Ә.Н. Батыс Қазақстандағы биязы және биязылау жүнді қой шаруашылығы // Жаршы. – 2008. – № 5. – 42-43 б.
- 6 Шағын шаруа (фермер) қожалықтарында және жұртшылық қожалықтарында мал шаруашылығы бойынша негізгі көрсеткіштерді ай сайын есептеу әдістемесі. 2009. – 8 б.

**РЕЗЮМЕ**

В данной статье освещены результаты исследования о влиянии желудочно-кишечных стронгиятозов на шерстную продуктивность овец и определен экономический ущерб.

**RESUME**

In the article were given the results of researches about influence of gastrointestinal strongilyatoz on wool efficiency of sheep and the economic damage.